

ӘОЖ 94 (547)

XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мусин Ансар Мұратұлы

ansarmusin98@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
Тарих факультетінің 4- курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін түркілік көшпенді өркениеттің ошағы болған Қазақстан территориясы қашан да болсын Еуразия кеңістігінде өзінің тарихи маңыздылығын жоғалтпаған ерекше аумақ. Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрушы саяси-мәдени көпір. Қай ғасырда болмасын, тарихтағы ұлы империялардың арманына айналған ұлы дала. Қазақ хандығы XV ғ. ортасында құрылғаннан бері, халқымыз орасан зор аумақты қорғап қалу жолында небір қилы замандарды басынан өткерді. Мемлекетті құрғаннан бөлек, оның тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу: еркіндікті аңсаушы, жаугершілікті өмір сүру салтына айналдырған қазақ этносына ғасырларға созылған күреске ұласып кеткен болатын. Кеңестік жүйенің ыдырап, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуінің арқасында кейінгі ұрпақтың өткен тарихын еркін түрде зерттеуіне жол ашылды. Қазақ хандығы тарихының мәселесі уақыт жылжыған сайын тереңірек зерттеліп, шешуін талап етуші сұрақтарға толықтырылуда.

XVII-XVIII ғасырлар периоды бұл Қазақ хандығы мен оның «ғасырлас» көршілерінің: Ресей және Цинь империясының, Жоңғар тайпаларының саяси, әскери, экономикалық байланыстарының басталуы мен күйреуі орныққан уақыт болатын. Империялық амбициялары шарықтау шегіне жеткен көршілерінің үшжақты қысымына ұшыраған Қазақ хандығының тарихы күрделі дағдарысты басынан кешірді. Сыртқы және ішкі саясаттағы сәтсіздіктер мен кедергілерді анықтау, тарихи шындықты айқындау, зерттеу жұмысымының негізгі бағыты болмақ. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін отандық тарихшыларымыздың тарапынан XVII-XVIII ғ. аралығындағы тарих әліде болсын толықтай зерттеле қоймаған. Жәңгір ханның билігі аяқталғаннан кейінгі 1652-1680 жылдар аралығы Қазақстан тарихы үшін уақыттың бос кеңістігіне айналғандай. Ешқандай ғылыми жұмыстың жоқтығы отандық тарих ғылымының аясын тарылтуда. Ваккумды периодты толтыру, қазақ тарихындағы негізгі міндетіміз. Қазақ хандығы жайлы отандық кәсіби тарихшыларымыз: Б.Е.Көмеков, М.Х.Әбусейітова, С.Жолдасбайұлы, Б.Б.Кәрібаев, Т.И.Сұлтанов, З.Қиянатұлы, Қ.Өскенбай, М.Әбдіров және т.б. ғалымдар мәселелерді ашуда зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Кеңестік тарихнаманың халқымыздың өткенін зерттеуде бұрмалануға ұшырап, одан қалған қате түсініктер бүгінгі күнге дейін білім жүйесінде сақталып келеді. Ақпараттық технологиялардың уақытындағы құндылықтардың өзгеріске ұшырауы, қазақ халқының тарихи санасын нығайтуда нәтижелі

еңбек атқару тарихшыларымыздың парызы десек те болады. Көшпелі: өркениет, қоғам сипаты, мемлекет жайлы теориялармен тезистерге толы европоцентристік көзқарастан, шовинизмнен арылу үшін қазақ халқы тарихының әрбір периоды ғылыми еңбектермен толтырылуды қажет етеді. Кез келген өркениет тірі организм секілді пайда болады, өмір сүреді, аяқталады [1]. XVIII-XIX ғасырларда Еуропада гуманитарлық ғылым саласының дамуы, колонизацияның белсенді жүргізілуі, капитализмнің нығаюы мемлекет ұғымына өзгерістер әкеле бастады. Иммануил Кант, Фридрих Гегель сынды неміс философтарының еуропалық мемлекеттік жүйені «жоғарғы» дәреже десе, көшпелі қоғамды: « жабайы азияттар өз мемлекеттілігін тек өркениетті еуропалықтардың күшті билігімен ғана қалыптастыра алады деген тұжырымға келді» - деп анықтама берген [2]. Қазақ хандығының XVII-XVIII ғасырлардағы тарихы жайлы бүгінгі күнге дейін кең көлемде, тарихи шындыққа негізделі жазылған ғылыми еңбектердің саны шектеулі. Бұл период тарихнамасы тек Ресей империясы қалдырған деректерден, ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармаларынан, тарихи еңбектерді топтастыру арқылы объективті түрде зерттей аламыз. Ресейде Қазақ хандығы жайлы мағұлматтар XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап жинақтала бастады. Қазақстан Республикасы болып тарих сахнасына қайта оралғанға дейін, хандық мәселесі жеке тақырып ретінде қарастырылмады. Оған басты себептердің бірі де деректердің аздығы еді. Тарихты құраушы халық болғаннан кейін, ұлттық принциптердің де алға қойылуы қажеттілікті тудырды. Француз ағартушысы Франсуа Мари Вольтер:«Өткенің білмейтін халық,өзін де, болашағын да тани алмайды»-яғни, өткен тарихымызды тереңдей түсіну үшін көлемді еңбек атқаруымыз қажет. XVII-XVIII ғасырлар көлемінде халқымыз жайлы жазба деректерге қарағанда, ауыз әдебиетінде қазақ қоғамының өмірі жайлы материалдар жетерлік. Осы бір халық ауыз әдебиетінің көркем туындыларын ғылыми тұрғыдан сүзгіден өткізіп, алдыңғы мағұлматтар қатарына қосу негізгі мәселелердің бірі деп ойлаймын. Пәнаралық байланыстың қажеттілігі де осында туындайды. Деректанушы ғалымдар жергілікті халықтағы ауызша, жазбаша деректерді сол елдің тарихи, рухани дамуының бірден-бір кепілдігі ретінде қарастырады. Ел тарихының объективті зерттелуі деректану ғылымының дамуымен тікелей байланысты. Дүниежүзі елдері тарихы алдымен ауызша мәліметтер негізінде жызылатыны тарихи шындық. Бұл орайда Пол Томпсеннің еңбегіндегі пікірлерімен келіспеуге болмайды [3]. Ресей империясының ғалымдары, кеңестік кезеңдегі зерттеушілер, отандық тарихшылар мен басқа да ағартушылар осы бір ауызша тарих мәліметтерін қағаз бетіне түсірді. Қазақ шежіресін жазуда аңыз әңгімелерді тарихи оқиғалармен сабақтастырып бірден бір деректік негіздемесін жасаған Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде» қазақ халқының тарихы Адам атадан бастау алып, қазақ хандығының жойылуымен аяқталады деген тұжырым жасады. Басқа да зиялы қауымнан: Құрбанғали Халид, Мүшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мұхамеджан Тынышпаевтар қазақ шежіресін қатысты мағұлматтар қалдырды [4]. Қазақ фольклоры ұлтымыздың өмір сүру философиясын көрсететін күрделі ақпараттық жүйе. Тарихи жырларды арнайы зерттеген ғалымдарымыздың бірі Қ. Жұмалиев мұндай жанрларды «тарихи поэма» деген анықтама беріп, олардың жанрлық өзгешеліктерін, әсіресе, батырлық эпостардан айырмашылықтарын дұрыс көрсеткен [5]. Тарихи жыр Н.С. Смирнованың еңбектерінде біршама зерттелді. Бізге жеткен, әрі хатқа түскен тарихи жырлардың басым көпшілігі XVIII ғасырда болған оқиғаларды баяндайды [6].

Жалпы алғанда XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғар басқыншыларына қарсы күрес Қазақ хандығының мемлекеттілігін, тіпті халықтың өмірін сақтап қалу мәселесі туындаған саяси шешімдерге толы маңызды уақыт аралығы. Я. Гавердовскийдің жазған мәліметінде: «Қазақтардың осы күнге дейін есінен кетпейтін , асқан зор қасірет сыйлаған сол дәуірлер оларды әбден шегіне жеткенше титықтатқан. Орданың аңыздарында сол кезеңдегі қанды оқиғалар мен ержүрек батырлардың істері осы уақытқа дейін әлі сақталып келеді. Қариялар қаза болғандардың мәйіттердің үйінділерін көрсетіп, біздерге: бұл манда еркіндікті қорғап, ұрыс алаңдарында қаза тапқан батырларымыз жерленген. Ал мына жерлерде құрттай қаптаған жауыздар қырған тұтас ауылдар жатыр деді». Шоқан Уәлиханов бұл ғасырды: «қанды қырған» («кровавый»), «жантүршігерлік» («ужасный»), «жаугершілік» («рыцарство») ғасыры

деп атаған. Демограф М. Тәтімовтың есебі бойынша қазақ хандығы құрылған уақытта (1465 ж.) қазақ хақының саны 1 млн. 100 мың, 1723 жылы 3 млн. 330 мың, ал 1725 жылы 2 млн. 222 мың адам болған екен. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Қазақ хандығы: орыспен, қытаймен, ортаазиялық билеушілермен тәуелсіздігін қанды қырғынмен сақтап қалды [7]. Жоңғар хандығымен болған соғыстар, әрі Ресей тарапының араласуы сол кездегі классикалық дәуірдің құндылықтарын шайқалтқан, егемендікке қатер туғызған күрделі кезеңнің бірі болды. Қазақ халқының қырғынға ұшырап, ассимиляцияға түсуіне, шекара бұзып босқын болуы хандықтың бұрынғы қуатының таусылғаны көрші мемлекеттердің үстемдік орната бастауына жол ашып берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Крадин Н.Н. Общественный строй кочевников: дискуссии и проблемы. // Вопросы истории. – 2001. -№4. – Б.21-31
2. Киянатулы З. Преимущество в истории государств кочевников // В кн.: История казахской государственности древность и средневековье. – Алматы: Адамдар, 2007. – Б. 6-32
3. Томпсон П. Голос прошлого: устная история. – Москва: Весь мир, 2003. – 368 с.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958.
5. Смирнова Н.С. Очерки казахской литературы XVIII в. Авторефер. Алма-Ата, 1951
6. Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVIII-середины XIX века: сборник документов и материалов / сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев, И.М. Самигулин. - Астана. 2012. -758 с. -10 экз
7. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М, Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011.